

СЕМИОСФЕРА

Мәтін және функция: феноменологиялық және коммуникативті негіздер

3-тарау. Мәдениет және ақпарат





Кітап: Семиосфера

Тарау: 3. Мәдениет және ақпара

Дәріс: 16. Мәтін және функция: феноменологиялық және коммуникативті негіздер

Мәтін, мәтін функциясы және мәдениет деген үш категорияны есепке алатын болсақ, онда жоқ дегенде екі жалпылама көзқарас болуы ықтимал.

1. Біріншісінде мәдениет мәтіндердің жиынтығы тұрғысынан қаралады. Олай болса, функция мәтіндерге қатысты өзіндік бір метамәтін ретінде көрініс табады.

2. Екіншісінде мәдениет функциялардың жиынтығы тұрғысынан қаралса, ал мәтін тарихи тұрғыда функцияның не функциялардың туындысы ретінде көрініс табады. Бұл жағдайда мәтін мен функция бір деңгейде зерттелетін нысандар. Ал бірінші көзқарас зерттеудің екі деңгейін көздейді.

Мәтін ұғымы – мәдениетті зерделеу кезінде берілетін мағынасында – тиісті лингвистикалық ұғымнан өзгешеленеді. Мәтін – мәдени ұғымы үшін лингвистикалық бейнелілік фактісі сөйленімнің мәтінге айналуы жеткілікті деп қабылдаған кез бастапқы нүкте. Мұның салдарынан ұжымда қолданыста жүрген тілдік хабарламалардың барлық жиыны беймәтіндер тұрғысынан қабылданады, олардың аясынан сол мәдениет жүйесінде маңызды қандай да бір қосымша бейнелілік белгілерін көрсететін мәтіндер тобы бөлініп шығады. Мәселен, жазба мәдениет пайда болған кезде фонологиялық бірліктердегі хабарламалардың бейнелілігі бейнесіздік ретінде қабылдана бастайды. Оған сол мәдениет тұрғысынан қарағанда, бірден-бір бар деп танылатын хабарламалардың қандай да бір тобының графикалық фиксациясы қарсы қойылады. Кез келген хабарлама жазуға лайық бола бермейді: бір мезетте барлық жазылған хабарлама айрықша мәдени мәнге ие болады да, мәтінге айналып кетеді. Бір мәдениеттегі «ауызша – жазбаша» қарама-қарсылығына басқа мәдениеттегі «басып шығарылмаған – басып шығарылған» қарама-қарсылығы және т.б. шарттары сәйкес келуі ықтимал. Бейнелілік бекітуге арналған белгілі бір материалдың талабы ретінде де көрініс табады. «Мәтін» – жойылып кететін материалдарға жазылған нәрсеге қарағанда таста не металда ойып жазылған нәрсе – «берік/мәңгі» – қысқамерзімді» антитезасы; қағазбен салыстырғанда пергаментте немесе жібекте жазылған нәрсе – «құнды – құнсыз» антитезасы; газетте басылғанмен салыстырғанда кітапта басылған нәрсе; хатта жазылғанға қарағанда альбомда жазылған нәрсе – «сақталатын – жойылатын» антитезасы. Соңғы антитеза хаттар мен газеттер сақталмайтын жүйелерде ғана жұмыс жасайды, ал қарама-қайшы жүйелерде түсіп қалады.

Мәдени мәтіннің оны жалпытілдік бейнелілікпен өзгешелейтін айрықша «бейнелілігі» жазба мәдениеттің әртүрлі формаларына ғана таралады деген ой қате. Жазуға дейінгі мәдениетте мәтін белгісі бейнелеу деңгейіндегі қосымша тілден тыс жинақылық болды. Мәселен, ауыз-екі мәдениеттерде ауыл шаруашылығы, астрономия ғылымы туралы ғылыми мәліметтерді жиған заңдық, этикалық, діни мәтіндерге белгілі бір құрылымдық белгілері бар мақал, афоризм формасындағы міндетті сыртқы ұйымдастыру тән. Даналық мәтін формасында болуы мүмкін емес, ал мәтін белгілі бір ұйымдастыруды түспалдайды. Сондықтан мәдениеттің мұндай кезеңінде ақиқат бейақиқаттан ақпаратты жеткізудің тілден тыс ұйымдастырылу белгісінің болуы нәтижесінде өзгешеленеді. Жазба мәдениетке, одан кейін мәдениеттің типографиялық кезеңіне өткен соң бұл талап жойылып, оның орнын басқа талап қойылады. Жазуға дейінгі мәтіндерді бақылау қазіргі мәдениеттегі мәтін ұғымын талдау кезінде қосымша мағынаға ие. Қазіргі мәдениет үшін радио мен механикалық сөйлеу құралдарының дамуына байланысты мәтіннің графикалық бейнелілік талабы тағы жойылады.

Мәдениеттерді мәтінді бей-мәтіннен өзгешелейтін белгі бойынша жіктей отырып, бұл ұғымдардың әр нақты шекараға қатысты қайтып орала алатын мүмкіндігін естен шығармаған абзал. Мысалы, «жазбаша – ауызша» қарсы салыстыруы бар болған жағдайда мәтіндер ретінде жазу күнделікті тұрмыстық және тәжірибелік мақсаттарда пайдаланылатын жазбаша хабарламалар ғана көрініс табатын мәдениет пен киелі, поэтикалық, этика-нормативтік мәтіндер тұрлаулы ауызша нормалар түрінде берілетін мәдениетті қатар елестетуге болады. Егер лингвистикалық деңгейде сәйкес келетін, бірі сол мәдениет жүйесінде мәтін туралы түсініктерге сай, ал екіншісі сай емес екі сөйленімді салыстыратын болсақ, онда мәтіндік семантиканың мәнін айқындау оңай болмақ: бірдей хабарлама, жай ғана уәде берілген жазбаша келісім болса, сөйленімдер ұжымдағы орны бойынша мәтіндер болып табылатын тұлғадан, не болмаса қауымның қарапайым мүшесінен шықса, онда лингвистикалық салыстыру кезінде беделділік тұрғысынан әртүрлі бағаға ие болады. Сол сөйленім мәтін ретінде көрініс табатын салада оның



Кітап: Семиосфера

Тарау: 3. Мәдениет және ақпарат

Дәріс: 16. Мәтін және функция: феноменологиялық және коммуникативті негіздер

мәні шынайы деп есептеледі. Лексикалық-грамматикалық белгіленгендік қағидаларының барлығына сай келетін, тілдік тұрғыда «дұрыс» және мазмұны жағынан ешқандай қайшылық келтірмейтін тілдік хабарлама жалған болып шығуы әбден мүмкін. Мәтін үшін мұндай мүмкіндік жоқ. Жалған мәтін – ол да жалған серт, дұға, заң сияқты терминдердегі қарама-қайшылық. Бұл мәтін емес, мәтінді бұзушылық. Мәтін – шынайы, сондықтан мәтіндердің болуы «мәтіндер тұрғысынан» шындыққа жанасатын болса, ал екінші жағынан жалған беймүмкін қандай да бір ұстаным бар деп топшылайды. Сол мәдениеттің мәтіндерін сипаттау осы ұстанымдар иерархиясының көрінісін береді. Мәдениетті барлық мәтіндерге ортақ иерархиялық тұрғыда және олардың қандай да бір күрделі парадигмасында бөліп көрсетуге болады, бұған мәтін типтерінің арасындағы құндылық қатынас сәйкес келеді.

Жалпытілдік хабарламалар жиынының арасынан біраз мәтіндердің бөлініп шығуы өзіндік құрылымы ерекше типтегі мәдениеттің пайда болуымен тығыз байланысты. Мәтінге дейінгі кезең мәдениетке дейінгі кезең. Барлық мәтіндер өзінің тілдік мәніне қайтып оралатын жай-күй мәдениетінің бұзылуына сәйкес келеді.

Мәдениетті зерделеу тұрғысынан қарағанда, мәтіндерге жататын хабарламалар ғана өмір сүреді. Қалғандарының барлығы өмір сүруін тоқтатады және оларға зерттеушілер назар аудармайды. Бұл тұрғыдан алғанда мәдениетті – мәтіндер жиынтығы немесе күрделі құрылған мәтін деуге болады. Зерделенетін материалға мәдениеттің сипаттаушыға тән құрылымдық кодын қосуға яғни ежелгі заман мәдениетін қазіргі заман адамының зерделенуі, бір әлеуметтік немесе ұлттық типтің мәдениетің басқаның тұрғысынан зерделеу. Сипаттау үшін пайдаланылатын жүйедегі бөлінуге сәйкес бей-мәтіндердің мәтіндер қатарына және керісінше мәтіндердің беймәтіндер қатарына ауысып кетуі қалыпты жағдай. Мәдениеттің белгілі бір типінен саналы түрде қол үзу немесе оның кодын иеленбеу оған тән мәтіндік мәндер жүйесінен бас тарту болып саналады. Оларда тілдік хабарламалардың немесе, егер бұл деңгейде хабарлама жоқ болса, «бейхабарламалардың» мазмұны ғана танылады.

Мәтінде жалпытілдік деңгейдегі хабарламаның жойылуы – жасырын процесті ашады, сол себепті айтарлықтай сирек кездесетін шекті факт болып табылады. Адресат ақпараттың шынайылығын дәйектеуге ғана емес, сондай-ақ сол ақпараттың өзіне де құштар. Осы себептерге байланысты мәтіннің жанында оны түсіндірушінің тұлғасы қатар жүреді: пифия және абыз, кітап және дін қызметшісі, заң және түсіндіргіш, өнер және сыншы. Түсіндіруші «әркімнің» түсіндіруші болу мүмкіндігін жоққа шығарады. Мәтіндердің аталған ерекшеліктерімен олардың ішіндегі әлеуметтік маңызы ең төменін салттандыру үрдісі, мұндай салтты ақылға сай дешифрлеудің міндетті түрде қиын болуымен байланысты.

Сол ұжымда қолданыста жүрген барлық хабарламаларды мәтіндер мен бей-мәтіндерге бөлу және мәтіндерді мәдениет тарихшысының зерттеу нысаны ретінде белгілеу мәселені шешпейді. Егер бей-мәтіндерді қарастырудан алып тастасақ, онда бейнеліліктің қосымша белгілерін бөліп көрсету қажеттілігі туындайды. Мәселен, жазудың ішінде мәтіннің графикалық бекітілуінің енді ешқандай мәні болмай қалады. Бұл деңгейде ол бейнесіздікке тең. Есесіне сөйленімді мәтінге айналдыратын фиксатордың функциясын дүниаяу жазуды шіркеулік жазудан бөлетін шіркеулік славян тілі атқара алады. Бірақ шіркеулік жазу аясында да мұндай бөліну мүмкін. Мәтіндік мәні біртіндеп артатын мәтіндер иерархиясы осылай құрылады. Мысалға классицизм жүйесіндегі жанрлар иерархиясын қарастыратын болсақ, мұнда шкала бойынша жанрлар жоғары өрлеген сайын «өнер туындысы болу» белгісі арта түседі. Парадигматикалық құрылымы бар мәдениеттер мәтіндік семиотикасы біртіндеп артатын мәтіндердің бірыңғай иерархиясын құрайды, сондықтан сол мәдениеттің құндылық пен шындық көрсеткіштері жоғары Мәтіні ең үстінен орын алады. Синтагматикалық құрылымы бар мәдениеттер құндылық мағынасында қатар орналаса отырып, шындықтың санқырлы жақтарын қамтитын түрлі мәтін типтерінің жинағын ұсынады. Адамзаттың нақты мәдениеттерінің басым бөлігінде бұл қағидаттардың арақатынасы күрделі.

Негізінде мәтіндік мәндердің ұлғаю процесс семиотикалылығы жоғары мәдениет типтеріне сәйкес келеді. Алайда әр мәтіннің оның тілдік және мәтіндік мәнінің арасында міндетті түрде күрес туындауына байланысты, қарама-қайшы үрдіс және бар. Қандай да бір шындықтар мен құндылықтар жүйесі ақиқат әрі құнды деп қабылдануын қойған кезде, сол хабарламаның сенімділігі мен мәдени мәнділігін көрсете отырып, оны мәтін ретінде қабылдауға мәжбүр



еткен бейнелеу құралдарына сенімсіздік туындайды. Мәтіннің шынайылығын білдіретін белгілері жалғандық айғағына айналады. Бұл жағдайда екіншілік – төңкерілген – арақатынас туындайды: хабарлама құнды және шынайы қабылдануы үшін онда мәтінді білдіретін белгілер болмауы тиіс. Бей-мәтін ғана бұл жағдайда мәтіннің рөлін атқара алады. Мәтін бұл жағдайларда бейнесіздігімен көрініс табатындықтан, хабарламаның құндылығы оның жалпытілдік семантикалық белгіленгендік пен жалпы «парасатты мағына» деңгейіндегі шынайылығымен айқындалады. Дегенмен, анағұрлым шынайы әрі беделді мәтіндер көрініс тапқан кезде, жалпытілдік мәнмен қатар, кейбір үстеме мәтіндік мәндерге тап болатынымыз айдан анық.

Мәдениетте ұдайы бір-біріне қарсы күресуші екі процестің, атап айтқанда, семиотикаландыру мен семиотикасыздандырудың соқтығысу салдарынан мәтін мен бей-мәтін мәдени функцияларымен алмасуы ықтимал, сол себепті мәтін түрінің белгілерін тілдік хабарламадан айыру мүмкіндігі туады. Мәтіндік мәнге қосалқы мәтіндік мән жол бермей, жоққа шығаруы мүмкін.

Мәтіндік мәндер жүйесі сол мәдениеттегі мәтіндердің әлеуметтік функцияларын айқындайды. Қатынастардың үш типін бөліп көрсетуге болады:

- 1) Қосалқы мәтіндік (жалпытілдік) мәндер.
- 2) Мәтіндік мәндер.
- 3) Мәтіннің мәдениет жүйесіндегі функциялары.

Бұл үш деңгейдің айырмашылығы, қосалқы мәтіндік мәндер белгілі бір мәтіндерге үзілді-кесілді беріліп, ал мәтіндер белгілі бір прагматикалық функцияларға түбегейлі жатқызылатын көптеген жағдайларда, әсте орынсыз болуы ықтимал. Мұндай жағдайларды қарастыру әдеті көптеген зерттеушілерде бұл аспектілердің бөлініп қаралмайтынын анықтады. Алайда толықтай дербес үш тәсіл қажет екені айқын болған сәтте-ақ олардың алшақ болатын жағдайларына да мән берген жөн. Қарапайым алшақтық жағдайын қарастырып көрейік.

	қосалқы мәтіндік хабарлама	мәтіндік семантика	мәтіннің мәдениет жүйесіндегі функциясы
1	+	+	+
2	+	-	+
3	+	+	-
4	+	-	-
5	-	+	+
6	-	+	-
7	-	-	+
8			

1 және 8-жағдайлар – қарабайыр. Біріншісінде мәндердің сәйкес келетіні және барлық үш типінің бар екені көрсетілген. Мұның мысалы мәтіндердің кең шеңберіндегі кез келгені бола алады, мәселен, фольклорды тікелей қабылдау әзірге ізін суытпаған аудиторияда қойылып жатқан қиял-ғажайып ертегі. Мұнда мәтін болу үшін белгілі бір қосымша бейнелікті талап ететін белгілі бір тілдік хабарлама бар, ал мәтінге тек өзіне ғана қызмет ететін қандай да бір мәдени функция тән. 8-жағдай сипаттаудың толықтығы үшін енгізілген – ол мәдени функцияларын атқармаған кезде, толықтай үнсіз күйде болады.

2-жағдай туралы жоғарыда айтылған болатын: қандай да бір хабарлама, осы күнге дейін басым болған жүйеде міндетті деп саналған белгілері болмаса ғана, белгілі бір мәтіндік функцияны атқара алады. Мәтіндік функцияны атқару үшін хабарлама мәтіннің бұрынғы міндетті белгілерінен салтсыздандырылуы тиіс. Мәселен, белгілі бір кезеңдерде көркем мәтін өнер ретінде қабылдану үшін поэзия емес, проза болуы керек еді. Прозада бұл өзгешелік нөлдік көрсеткішпен бейнеленген. Бұл жағдайда мәтінге қосалқы мәтіндік мазмұнның жоғары құндылығы беделділік дәрежесін береді. Мұндай типтегі мәтін түсіндірушіні мүлде қажет



етпейді. Мәтіннің жоғары семиотикалылығының шарты бұл жағдайда оны семиотикалылықтың үйреншікті нормаларынан шығарып, сырттай семиотикасыздандырады.

3-жағдай алдыңғы жағдаймен байланысты және соны толықтырады. Мәтін функциясын мәтіндік бейнелілігі жоқ хабарламалар ғана атқара алатын жерде салттандырылған мәтіндер өз функциясын атқара алмай қалады. Бейнелілігі айқын мәтіндер «бейшынайы», демек, «шындыққа жатпайды» деп қабылданады. Бұл 7-жағдайды толықтыра алады.

4-жағдай – жаппай сипатқа ие: мәтіннің тілден жоғары белгілерінен айырылған хабарлама мәдениет үшін жоқ саналады, мәдени функция да атқармайды.

5 және 7-жағдайлар. Мәтін өзіне жалпытілдік хабарламаны қамти алмайды. Ол бұл деңгейде мағынасыз әрі басқа тілдегі мәтін болуы мүмкін.

6-жағдай. Түсініксіз және мағынасыз қосалқы мәтіндік хабарлама мәтін бола алмаған кезде, қарама-қайшы жағдай орын алады.

Тағы бір алшақтық жағдайы – буындардың ығысуы және өзара орын алмасуы. Мысалы, қандай да бір мәтіннің мәдени функциясын басқа мәтін болу арқылы ғана атқаруға болады. Бұл ығысқан жүйеде төмен мәтіндер «жоғары» мәдени функцияны, дүнияуи функция киелі функцияны атқара алады.

Функцияны мәтіннен ажырату мүмкіндігі мәдениетті қандай да бір мәтіндер жинағы ретінде сипаттау қажеттігі тұтастықты үнемі қамтамасыз ете бермейді деген тұжырымға жетелейді. Мәселен, қандай да бір мәдениеттен киелі мәтіндерді анықтамай, керісінше ғылыми мәтіндерді ғана анықтасақ, онда зерттеліп отырған қоғамның мәдени функциялар жинағында діни функция емес, тек ғылыми функция болған деген тұжырым жасай аламыз. Алайда мәселені мейлінше тыңғылықты қарастыру асқан құнттылықты қажет етеді, өйткені ұжым немесе оның бөлшектері ғылыми мәтіндерді діни мәтіндер функциясының орнына пайдалануы мүмкін. Мысалы, табиғатынан ғылыми тұрғыда бекітілген мәтін, айталық, жаңадан шыққан күшті дәрі – ұжымның бір бөлігі үшін – ғылыми, екінші бөлігі үшін – діни, ал үшінші бөлігі үшін магиялық мәтін ретінде көрініс табуы мүмкін, бұл ретте дәрі үшеуінде үш түрлі мәдени функцияны атқарады. Ғылым тарихында ғылыми идеялар өз ықпалының күштілігі арқасында ғылымның тежегішіне айналып кеткен жағдайлар аз емес, өйткені олар ұжымның бір бөлігі үшін дінге айналып, бейғылыми функцияны атқара бастады. Сонымен қатар, дәрігердің кеңесі сияқты тиімділігі сөзсіз сенім дәрежесімен айқындалатын мәтіндер, пациент «ғылыми» тұрғыдан қараған кезде, пәрменділігінен айырылады. Халық арасында медициналық білімнің таралуы белгілі бір жағдайларда, бейғылыми мәтінге ғылыми мәтіннің функциясы беріліп, медицинаға зиян келтіретіні баршаға аян.

Осылайша, қандай да бір мәдениет жүйесін сипаттау үш деңгейде құрылуы тиіс:

- 1) Қосалқы мәтіндік хабарламаларды сипаттау.
- 2) Мәдениетті мәтіндер жүйесі ретінде сипаттау.
- 3) Мәдениетті мәтіндер атқаратын функциялар жинағы ретінде сипаттау.

Мәтіннің басы, соңы және белгілі бір ішкі құрылымы бар. Ішкі құрылым кез келген мәтінге тән. Таңбалардың аморфты жинағы мәтін болып табылмайды.

Мәтін шекаралары деңгейлері бойынша әрқелкі, сондықтан мазмұнды дұрыс дешифрлеу үшін мәтіндердің белгілі бір типологиясы болу керек. Ендеше бұл типология зерттеушілік абстракция ғана емес. Ол хабарламаны беруші мен қабылдаушының санасында кодтың маңызды элементі ретінде интуитивті түрде бар болады. Мәтіндер типологиясы, кодтар иерархиясына сәйкес орналасады. Теориялық тұрғыдан қарағанда, жасаушы мен қабылдаушының мәтінді типологиялық тұрғыда бағалауының арасындағы қатынастар екі типте ғана болуы ықтимал, дәлірек айтқанда, сәйкес келуі және сәйкес келмеуі мүмкін. Алайда бұл таза логикалық мүмкіндік бірқатар қосымша шарттарға байланысты іске асырылатынын ескеру керек. Тыңдаушы мәтінге үш тұрғыдан қарауы мүмкін:

а) Тыңдаушы мен беруші мәтіндерінің типологиялық классификациясы сәйкес келеді. Бұл жағдайда тыңдаушы бірқатар сыртқы сигналдар бойынша қабылданатын мәтінді өз типологиясындағы белгілі бір классификациялық топтармен теңестіруге талпынады.

б) Тыңдаушы беруші жүйесіндегі мәтіннің функционалдық табиғатын өз жүйесіне қосып алады да, оған немқұрайлы қарайды.



Кітап: Семиосфера

Тарау: 3. Мәдениет және ақпара

Дәріс: 16. Мәтін және функция: феноменологиялық және коммуникативті негіздер

Әдебиет пен өнерді типологиялық тұрғыдан зерттеуге деген қызығушылық соңғы жылдары құлашын жайып келеді. Бұл ретте басқа ғылымдардағы типологиялық зерттеулердің табысы мен зерттеушілік қорытындыларды мейлінше мықты әдістемелік негізде құрастырудың жеке қажеттілігі де көрініс табады. Материалға типологиялық тұрғыдан қарау қажеттілігі әдебиеттерді салыстырмалы түрде зерделеу, әдебиетті басқа өнер түрлерімен салыстыру, өнерді адамның рухани қызметінің бейкөркем формаларымен салыстыру сияқты зерттеушілік міндеттерді қойған кезде тайға таңба басқандай анық болады. Алайда шын мәнінде типологиялық модельдерге деген қажеттілік осы жағдайларда ғана туындамайды, сонымен қоса, мысалы, зерттеуші қазіргі оқырманға хронологиялық немесе этникалық жағынан қашық әдебиеттің мәнін, оны жат жөнсіздіктер жинағы түрінде емес, табиғи, іштей үйлесімді, көркем және идеялық құрылым түрінде ұсыну арқылы, түсіндіру қажеттілігі туған кезде де көрініс береді. Бірақ мәселе мұнымен шектеліп қалмайды. Мәселенің тағы бір елеулі тұсы бар, ал егер оны ешқашан естен шығармасақ, бәлкім, бізге мүлдем жат тұрпаттағы өнерді зерделеу кезінде қазіргі заманнан және оны түсінуден жырақтап кетеміз деген әңгімелерді сирек естір едік.

Қазіргі мәдениетте шынымен де мәдениеттің тарихи дамуының түйінінен бастау алатын түбірлі ерекшеліктер бар. Алайда кездейсоқ және мүлде кездейсоқ ерекшеліктер және бар. Мәдениет моделінің әлемнің көркем бейнесі, басым жанрлар жүйесі және ұлттық өлең шығару дәстүрі сияқты элементтері «көне заман мәдениеті» немесе «XX ғасыр мәдениеті» сияқты кең ауқымды модельдер тұрғысынан заңдылықтың әртүрлі дәрежесіне ие.

Басқа мәдениет типін өзіміздің қазіргі түсініктеріміз тұрғысынан сипаттаған кезде, қайткен күнде де кейбір ауытқулар болады. Мәселен, қазіргі мәдениеттің тамырын тереңге жайған ерекшеліктері ғана емес, сондай-ақ зерттеушінің барлық әдеттері мен нанымдары да адамзаттың күллі мәдени жолының қорытындысы түрінде көрініс табады. Мәселенің бар қиындығы жалған түсіндірме туатынында ғана болмай тұр. Сонымен қатар, мұндай жолмен құрылған модельдің қайткен күнде де алдын ала белгіленген нысанға әкелетіні былай тұрсын, оған қоса сонымен тәмамдалып қалатынында болып тұр. «Станиславский жүйесі» немесе «Мейерхольд жүйесі» құрылып қойған, сол себепті зерттеуші қанша жерден түсінік берсе де, әрі қарайғы қозғалыс тоқтап қалады. Бұл жерде біз шекаралары алдын ала белгіленген модельмен жолымыз тоғысып отыр. Сондықтан әдебиеттанудың ғылымның ажырамас айрықша құзыреті болып табылатын нәрсені жасауға, нақтырақ айтқанда, тым болмағанда болашақтың жолдарын ізгі тілектер, яғни директивті кеңестер түрінде емес, ғылыми тұрғыда негізделген гипотезалар түрінде жалпылама айқындауға дәрменсіз күйіне кез болсақ, мұндағы мәселенің себептері кездейсоқ емес екенін ескерген жөн: бұған дейін сипатталған әдістеме түптеп келгенде, мұндай болжамдардың мүмкіндігін растайды, себебі сипаттаудың түп негізінде сипатталатын құбылыстардың түпкілігі туралы болжам жатыр.

Бірақ мәселенің басқа қырына да назар аударайық: метатіл ретінде қабылданған жүйе «заттан» өлшемге айналады деп атап өткен болатынбыз. Бұл жүйе кездейсоқ және заңды ерекшеліктердің қарама-қайшы жинағы бар күрделі және жанды құбылысқа емес, қағидалар жинағына айналады. Имманенттік тұрғыда сипатталған жүйенің өзіне тән ерекшелігі бола алмайды. Қарама-қарсы мәдениет типтерінің бүкіл жинағынан тыс зерделенетін кез келген мәдени дәуір дәл осындай жүйе ретінде көрініс табады. Мәдениеттің неғұрлым алыстағы типін сипаттасақ, үйреншікті типтердің ерекшелігі соғұрлым анық көрінеді. Бұған қоса, барынша таныс нәрсені бірден-бір мүмкін нәрсе ретінде қарастыратын тарихқа қарсы әдет барлық мәдениеттерге, соның ішінде бізге үйреншікті мәдениеттерге де, айрықша мәдениеттерге де типологиялық тұрғыдан қарауға орын береді. Бейтарап ерекшеге айналады. Осылайша, типологиялық көзқарас алыс және айрықша құбылыстарды зерделеу кезінде қалай қажет болса, жақын және қазіргі құбылыстарды зерделеу кезінде де соншалықты қажет. Дәлірек айтқанда, ол құрылымдық бірлік ретінде адамзат мәдениетін негіз етіп алады да, жақын мен алыс категорияларын зерттеушінің құралдары ретінде жойып жібереді.

Мәдениеттің қарастырылған ерекшеліктері оны күрделі, көп аспектілі семиотикалық құрылым ретінде суреттейді. Зерттеуші мәдениеттің қандай да бір моделін талдаған кезде, әлбетте, оның алдында, «қарастырылып отырған құрылым неге тиесілі – сипатталатын нысанға ма, әлде сипаттау метатіліне ме?» деген сауал туындайды. Әр нақты жағдайда бұл сауал арнайы қарастырудан өтуі тиіс. Алайда бір жайтқа ешкім дау келтірмес: жүйе неғұрлым



Кітап: Семиосфера

Тарау: 3. Мәдениет және ақпарат

Дәріс: 16. Мәтін және функция: феноменологиялық және коммуникативті негіздер

күрделі болған сайын, оның соғұрлым көп түрлі модельдерін түрлендіруге болады, бұл ретте қызықты және мазмұнды нәтижелер алуға болатыны және бар. Егер семиотикалық жүйелерді жасанды тілдерден бастап өнер туындыларына дейін күрделілігінің арту тәртібі бойынша құрастыратын болсақ, онда, қарапайым жүйелер үшін бірден-бір мүмкін болатын сипаттаудан бастап қисапсыз сипаттауға дейін, сипаттаулар саны өсуінің бүкіл гаммасын аламыз. Мәдениет ұжымға қоғамдық маңызы жоғары бет-бейнемен қарау қасиетіне ие. Ол бір мезетте көптеген кодтармен дешифрленетін мәтіндерді тудырады. Көлемді және күрделі жинақта берілген сол кодтардың өзі ұжымның сол тарихи кезеңдегі сұраныстарымен айқындалады және сол сұраныстарды өздері айқындайды. Мәдениеттің тұрақтылығы оның өзін-өзі қалпына келтіру, бос жерлерді толтыру, жаңғыру, сыртқы ауытқуларды ішкі құрылым факторларына түрлендіру қабілетінен көрініс табады.

Бұл тұрғыда мәдениет – тірі ағза және өнер туындысы секілді құрылымдардың ерекшеліктерін көрсетеді. Мәдениет – ол өнер, сол себепті оны адамзаттың біртұтас көркем туындысы ретінде қарастыру керек. Дұрысында, бұл – адамзат ақпаратты сақтау мен ұйымдастыру барысында өзі ашқан және табиғатын әлі жете түсіне алмай жүрген зерттеу жолында мол мүмкіндіктерді пайдаланатын бірден-бір жайт.